

# АНА ТІЛІ

Ұлт Таза тілі

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады



## **«Далалық өлке» Торғай тарихынан сыр шертеді**

**Торғай өңірін ел ішінде «мұражайлы өлке» деп те атайды. Себебі тарихи жәдігерлер мен көптеген құнды дүниелердің көбірек сақталғаны осы жер. Сондай тарихи ірі мұражайдың бірі Арқалық қаласында орналасқан.**

Ол ғылыми-мәдени бағыттағы «Далалық өлке» мұражайы аталады. Торғай өңірінің орталығы болған Арқалық қаласынан мұражай ашу жұмысы 1972 жылдан бастап жоспарланып, 1973 жылы ресми түрде ашылған. Жалпы ауданы 1684 шаршы метрді құрайтын нысанның 11 көрмелік залы жұмыс істеуде. Ғимарат алдындағы алаңда Кейкі батырдың ескерткіші көзіңізге түседі. Бұған қоса Социалистік Еңбек Ері М.Демченконың 1961 жылы 31-наурызда Торғай жерінен алғаш кен қазған экскаваторының ожауының үлгісі де қойылған.

Биіктігі 5,25 метрге жуық мәрмәр тақтаға қоладан құйылған келбеттері бедерленген 1916 жылғы Торғай көтерілісінің қолбасшысы Аманкелді Иманов пен көрнекті қоғам қайраткері Әліби Жанкелдиннің ескерткіші де осы жерде орын тепкен.



Мұражайға келушілер осы өңірдің тарихы мен мәдениетін, экономикасын сипаттайтын археологиялық коллекциялармен, табиғаты, жан-жануары және басқа да өлке тарихын баяндайтын құнды деректермен таныс бола алады. Арқалық қаласындағы мұражайдың өзге мұражайлардан ерекшелігі көп. Соның бірі – қала маңына жыл сайын қонып жатқан ғарыш кемелерінің батырларымен таныстыратын экспонаттар. Мұражай қорына барлығы 72 мыңнан астам мүліктік және құжаттық материалдар жиналған, оның 20 мыңға жуығы негізгі қорға жатады. Мұражайға келген қонақ, ең әуелі мұражайға көп еңбек сіңірген Өзбекәлі Жәнібековтің мүсінін көреді. Өлкелік мұражайдың ашылуына сүбелі үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері, саңлақ этнограф, қазақ мәдениетін зерттеуші, сол кездегі Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков. Бұл күнде Ө.Жәнібековтің есімі қазақ баласының қай-қайсы үшін болсын құрметті. Себебі оның туған еліне сіңірген еңбегі зор.

Өзаға мұражай мүліктерін жинап, тақырыптық-экспозициялық жоспарын жасап, ғимаратын қайта жобалау ісіне белсене араласқан. Мұражайдың тұңғыш директоры, журналист-жазушы Таңатқан Рсаев болды. Қос ағаның бұл өлкеге сіңірген еңбектері өлшеусіз. Екеуі де өңірдің өркендеуіне, мәдениет пен өнердің дамуына зор үлес қосты. Өзағаның 1996 жылы «Тағдыр тағылымы» атты қос томдық естелік кітабы жарық көрді. Өмірбаяндық кітаптың 1 томы – Торғай облысы, Арқалық қаласы туралы аңызға бергісіз естеліктермен толығыпты.





Осы кітаптағы ең қызықты тарау – мұражай жайлы. Облыстық мұражайдың ашылуы, экспозициялық залдардың жасалуы, экспонаттарды халық арасынан жинастырудың қиыншылығы бәрі-бәрі сөз болады. Кітаптың бір жерінде: «1973 жылы жазға қарай Торғай облысына Ленин орденін тапсыру үшін Д.А.Қонаев Арқалыққа келетін болды. Аса құрметті қонақтың келуіне облыстық музейді ашуды орайластырған едік. Экспозициясын дайындап, орын-орнына қойғызып болғаннан кейін, еденін сырлауды қадағалауды облатком төрағасының орынбасары мен қаланың басшыларына тапсырып, Есіл ауданына жүріп кеттім. Жұма күні кешкі сағат алтыға қарай Арқалыққа қайтып келсем, ештеңе істелмеді. Музейде бір жан жоқ, жұрт тарқап кеткен. Музейдің үйін жөндеуден өткізіп жатқан Торғай боксит кеніштерінің басқармасына телефон соғып, үйіне кетіп қалған қоймашыны шақыртып алып, бірнеше бөшке еден сырын, берішімен қоса, білік, бояу жаққыштар әкелгенше сағат сегізге жақындап қалды. Дереу телефон соғып облатком төрағасының орынбасарын, қалалық партия комитетінің бірінші хатшысын, орынбасарымен қоса қалатком төрағасын, мәдениет басқармасының бастығын шақырып алып, еден сырлауға кірістік. Үш қабат ғимараттың еденін, дәліздерімен, баспалдақтарымен қоса сырлап шығу оңай ма? Таңғы үшке қарай әріптестеріме қарасам, адам танығысыз, беттері былаудай боп ісіп, көздері жасаурап кетіпті. Музейді сенбі, жексенбі күндері желдетіп алмақ боп, ішкі есік, терезелерін айқара ашып, таң ата тарқастық. Сейсенбі күні Арқалыққа келген Қонаев, көрші облыстардан келген делегациялар, жаңа музейдің экспозициясымен танысып, ризашылығын білдірді. Осы бір оқиға жұртқа белгілі боп қалып, «Жәнібеков бастықтарға да қара жұмыс істетеді екен» деген лақап бүкіл облысқа тарап кетті» делінген. Бұны – Өзағаның өнерге, мәдениетке деген жанашырлық көзқарасы деп қабылдаған жөн болар.

Осы күнгі мұражайдың жаңа облыс орталығынан ұйымдастырылуына себепкер болған халық батыры Аманкелдінің 100 жылдық мерейтойы екен. Мұражайдың ішкі-сыртқы жаңғырту жұмыстарын Челябинскі қаласының суретші мамандары жасаған болса, бүгінгі қара шаңырақтың тақырыптық-экспозициялық жоспарын түзеуге белгілі ғалым Алан Медоев шақырылыпты. Бұның бәрін жіпке тізгендей етіп баяндауымыздың мәні – жас ұрпақтың танымдық көкжиегін кеңейту, туған өлкесіндегі әрбір ғимараттың, ескерткіштің,

тасы мен тауының тарихын білуге, құрметтеуге шақыру.  
Өзбекәлі өзінің қамшының сабындай қысқа ғұмырында жастарға үнемі қолдау танытып өткен тұлға. Ағамыздың тағы бір ерекшелігі, ол тарихи және мәдени ескерткіштерді мемлекеттік есепке алу, қорғау, қайта жасақтау жұмыстарына белсене араласты. Мұражайдың қазіргі жағдайын білу мақсатында мұражайдың ғылыми қызметкері Мұқият Қойшыбайұлымен тілдескен едік. Мұражайда 27 адам жұмыс істейді. Мұражай қызметкерлерін алаңдататын жайт – ғимаратқа күрделі жөндеудің қажет екендігі. Жергілікті әкімдік бұл мәселеге жіті көңіл бөлер деген сенім бар. Торғай өңіріне, Арқалық қаласына жолыңыз түсіп жатса, бірден мұражайға ат басын бұрыңыз, киелі мәдени ошақ арқылы қаланың, өлкенің бай тарихын ұғынып, мол деректерге қанығасыз.

**Елдос ТОҚТАРБАЙ, Арқалық**